

Л 2005  
5930<sub>к</sub>

парғали ЛӘМБЕКҰЛЫ

1937

1933

1928

# ДРЫІСТАР









Сапарғали ЛӘМБЕКҰЛЫ

# АРЫСТАР

РОМАН

Екінші кітап



“Елорда”  
Астана – 2004

821.512.122-311.6

ББК 84 Қаз 7-44

Л 27

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ  
БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

**Ләмбекұлы С.**

Л 27 Арыстар: Роман. Екінші кітап.  
Астана: Елорда, 2004. — 288 бет.

ISBN 9965-06-365-6

Сапарғали Ләмбекұлының “Арыстар” дилогиясының бұл екінші кітабында Голощекиннің қазақ елін ашаршылыққа ұшыратқаны, сталиндік қуғын-сүргін тудырған зобалаңдар сөз болады.

Л 4702250201-301  
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 9965-06-365-6

© Ләмбекұлы С., 2004  
© “Елорда”, 2004

Кітаптың шығуына жауапты  
баспа директоры — Т.С. Дуанбек.

Әдеби-көркем басылым

**Сапарғали Ләмбекұлы**

**АРЫСТАР**

*Роман*

Екінші кітап

Редакторы *Т. Мәмесейіт*  
Техникалық редакторы *С. Бейсенова*  
Корректоры *А. Сейілова*

ИБ № 305

Теруге 6.08.2004 ж. жіберілді. Басуға 1.09.2004 ж. қол қойылды. Қалыбы 84х108  $\frac{1}{32}$ .  
Офсеттік қағаз. Қаріп түрі “Таймс”. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,12. Есеттік  
баспа табағы 15,5. Тарауымы 1000 дана. Талсырыс № 2011.

---

Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігі  
— “Елорда” баспасы, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.  
— “Астана полиграфия” акционерлік қоғамы,  
КАДЕНТИНІК, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.



## ҚА П Ы Л Ы С Т А

### 1

Мезгіл қараша айының орта шені. Сібірдің суық қысы көріне мінгендей, ақ көрпеге оранған далада жынды боран құтырады. Семейден шыққан шабан пойыз Қызылжарға қарай акырын ілбіп келеді. Жолаушылардың арасында гүбірналық басшылармен бірге Нығмет те бар. Аттанар алдында губкомның бірінші хатшысы Саблин бәріне сапар мақсатын түсіндіріп қойған, бірнеше жылға созылған соғыс шаруасын шайқалтқан Ресей аштыққа ұшырапты, үлкен көршіге қол ұшын беру һәм Кеңес өкіметінің мұратын түсіндіру қамымен Бүкілресейлік Атқару Комитетінің Төрағасы Михаил Иванович Калинин шығысқа қарай аттаныпты, жолшыбай Қызылжарға соғып, жұртшылықпен кездесетін көрінеді.

Тамызда Орынбор қаласында үлкен құрылтай өтіп, Қазақстанға автономия берілгенімен қазақтың қырғыз аты өзгермеді, солтүстік жақтағы ұлан байтақ өңірді алып жатқан Дала өлкесі Сібір ревкомының қарамағында қалып қойды, яғни Ақмола, Семей гүбірналары соның құзырында. Ал мешін (1920) жылының жазы соңғысында қалыпты өткенмен көп жерді қуаңшылық жайлап, шөп пен егін күйіп кеткендіктен ел күйзеле бастады.

Келесі күні кешке қарай Есіл өзенінің жағасына, қыр етсігіне орналасқан Қызылжар — Петропавлдың төбесі корінді. Нығмет көшесіне кіргенде байқады, қаладағы үйлердің көбісінің іргесі кірпіштен қаланып, қабырғалары ағаштан өріліпті, бір қабаттылары басым, қос қабаттылары некен-саяқ. Тегі жұмысы тоқтап қалған болуы керек, зауыттар мен фабрикалардың сорайған мұржаларынан түгін шықпайды, бейне оқпанындағы темекісі таусылған мүштікке ұқсайды. Қаланың әр тұсынан мешіттер мен шіркеулердің төбесі көзге шалынады. Ерсілі-қарсылы өтіп жатқан адамдар арасында татарлар жағы басымдау тәрізді. Қомақты мекеннің орта тұсында жер асты суын сарып ап көшелерге тарататын биік мұнара қай жақтан қарасаң да мен мұндамайды.

Калинин әлі келе қоймапты, вокзал маңында оны күтін, тықыршып жүргендер көп екен. Нығмет тәртін сақшылары-

ның арасынан тамызда Орынборда өткен құрылтайда танысқан жерлесі Уғарды көріп, сәлем берді.

— Сен де келдің бе? Жақсы болды, соңыра біздің үйге барып, кең отырып сойлесейік, — деп үкімет адамдарының қауіпсіздігі қамымен асығып жүрген ол өз жұмысымен болып кетті. Нығмет бір кезде ана жылдары Омбы семинариясында бірге оқыған алашордашыл ақын Мағжан Жұмабаевты ұшыратты.

— Мұнда не істеп жүрсің? — деп сұрады амандық-саулықтан соң.

— Қызмет қарастырып жүрмін. Кеңес Үкіметі алашордашыларға кешірім жасап, партияға өтуіне, жаңа қоғам үшін жұмыс істеулеріне рұқсат бергенімен жергілікті өкімет орнындағы белсенділер сенімсіздік жасап жүрген жоқ па? Соның салдарынан Қызылжар өңірі туған елім болғанымен өз үйімде оғей ұлдың күйін кешкендеймін. Ал Семейдегі Мұхтардың халі қалай? Әуезовті айтамын. Шіркін, өзі қара сөздің хас шебері ғой. Пайдалана білсе, мықты қайраткер де шығады.

— Большевиктер партиясына мүше болған. Бірақ сынап коргілері келеді білем, әр іске бір жегеді.

— Тегі тыныш жүргізбей, тұрткілей береді дағы. Есінде болсын, қазақтың қамын жеген адам ешкімге жақпайды. Орыс басшылар Ресейдегі ашыққан мүжықтардың қамын ойлайды, қырылып жатқан қандастарымызды көргілері келмейді. Мұхтарды соны айтқаны үшін ұнатпайтын шығар.

— Ал Сәкен екеуің құрылтайда үкімет мүшелігіне сайланғандарыңды білем, қандай қызмет атқарып жүрсің?

— Мойнымда бірнеше қамыт бар, губкомның, ревкомның мүшесімін, таяуда қазақ, татар сексиясының меңгерушісі етіп тағайындады, оны қысқаша қыртатсек немесе ұлттар бөлімі, кейде мұсылман бөлімі деп атайды.

Ақыры көпшілік күткен үкіметтік “Октябрь революциясы” пойызы да жетті, вокзалда ұйлығып жүрген қарақұрым жұрт толқып кетті. Ойткені қазаққа автономия беру жөніндегі декретке Ленинмен бірге Калинин де қол қойғанын бәрі біледі, газетке жиі шығатын суретін де талай корген. Сондықтан арнаулы вагон салоннан шыға келген шағын топтың арасынан шолақ тонды, шоқша сақалды, көзілдірікті, жылы жүзді, орта жастағы адамды бірден танып, ду ете қалысты. Озін қаумалаған адамдарға жағалай көз тастап, басын ізеп келе жатқан Михаил Иванович милиция формасын киген, тығыршық денелі, қара сұр қазақты көргенде:

— Охо, біздің якут мұнда жүр ғой, — деп Жәнібековке құшағын айқара ашты. Екеуі құшақтасқан күйі озара



пүйіркелесіп, біраз тұрысты. Құрметті қонақты қарсы алған басшылар бір кезде:

— Ал, жарандар, Михаил Иванович алыс жолдан шаршап келді, бүгін тынығады, ертең театрда кездесу болады, сонда жиналып сөзін тыңдаңыздар, — деді қаумалаған елге.

Жұрт тарай бастады, Калинин серіктерін ертіп вагон салонға қайта беттеді. Семейден келген адамдармен бірге Нығмет қонақ үйге тартты. Жайғасып отыра бергені сол еді, екпіндей басқан Жәнібеков жетіп келді де:

— Кіін, біздің үйге барайық, — деді.

Нығмет оған еріп, сыртқа шықты, есік алдында ат жегілген фэтон күтіп тұр екен, әлдеқайда ала жөнелді.

— Уәке, әлгінде Калинин екеуіңіздің көріскендеріңізге қарап жақсы дос екендеріңізді байқадық, — деді Нығмет.

— Иә, бізді табыстырған революция ісі ғой, ана жылы Сібірде айдауда жүргенде Екатеринбург түрмесінде бірге отырғанбыз. Лена бойының тұрғындары якут халқы өздерін саха деп атайды. Михаил Ивановичтің мені “біздің якут” деуінің мәнісі сол, озі қалжыңдауды ұнататын, қарапайым кісі. Ал ел жақтың жайы қалай, тыныштық орнады ма?

— Әлі мазасыздау. Жаз ортасында шығыс жақтағы Донская, Кананерская станцияларындағы кулактар бас көтерді. оларға орташалар да қосылып кетті. Бүлікшілер Ертіспен жүзетін кемелерді атқылады, Семей мен Кереку арасындағы су қатынасын үзіп тастады. Ол жақ сабасына түскенде Бұқтырма, Өскемен үйездерінде бүлік шықты.

— Иә, мұндай толқулар әр жерде шығып тұр. Азамат соғысы аяқталысымен мені Әліби Жанкелдин Орынборға апарып, біраз уақыт қазақ эскадрасына саяси жетекші етіп қойып еді. Жаздығүні ол жақта да Сапожков бандылары бас көтерді, оларды қатырын қонжиттық. Содан кейін өзімді осы жаққа жіберді. Есіңде болсын, мен үлкен өмірге Қызыл-жардан аттанғанмын, дүниені шарлап, қайтадан оралдым.

— “Ат айналып қазығын табады” деуші еді, Қарқаралыға неге бармайсыз?

— Егер партия жұмсаса қай жерге болса да жүре беремін. Жұрт өзімді батыр деп басына көтереді, мен қатардағы коммунистердің бірімін деп түсінемін. Ал Сәкен Сейфуллин сені Семей губірнасындағы қазақтың оқыған жастарынан шыққан нағыз большевик деп мақтап еді.

Сырғыған жетпіз арба кішірек ағаш кұжыраның түсініп жете тоқтады. Үстіңдегілер жерге түсіп, ішке беттеді. Ал арынан қызыл шырайлы, жас шамасы он алты, он жетпіздерден келіншек шығып, имене сөлемдесті.

ның арасынан тамызда Орынборда өткен құрылтайда танысқан жерлесі Угарды көріп, сәлем берді.

— Сен де келдің бе? Жақсы болды, соңыра біздің үйге барып, кең отырып сойлесейік, — деп үкімет адамдарының қауіпсіздігі қамымен асығып жүрген ол өз жұмысымен болып кетті. Нығмет бір кезде ана жылдары Омбы семинариясында бірге оқыған алашордашыл ақын Мағжан Жұмабаевты ұшыратты.

— Мұнда не істеп жүрсің? — деп сұрады амандық-саулықтан соң.

— Қызмет қарастырып жүрмін. Кеңес Үкіметі алашордашыларға кешірім жасап, партияға өтуіне, жаңа қоғам үшін жұмыс істеулеріне рұқсат бергенімен жергілікті өкімет орнындағы белсенділер сенімсіздік жасап жүрген жоқ па? Соның салдарынан Қызылжар өңірі туған елім болғанымен өз үйімде оғей ұлдың күйін кешкендеймін. Ал Семейдегі Мұхтардың халі қалай? Әуезовті айтамын. Шіркін, өзі қара сөздің хас шебері ғой. Пайдалана білсе, мықты қайраткер де шығады.

— Большевиктер партиясына мүше болған. Бірақ сынап көргілері келеді білем, әр іске бір жегеді.

— Тегі тыныш жүргізбей, түрткілей береді дағы. Есінде болсын, қазақтың қамын жеген адам ешкімге жақпайды. Орыс басшылар Ресейдегі ашыққан мұжықтардың қамын ойлайды, қырылып жатқан қандастарымызды көргілері келмейді. Мұхтарды соны айтқаны үшін ұнатпайтын шығар.

— Ал Сәкен екеуің құрылтайда үкімет мүшелігіне сайланғандарыңды білем, қандай қызмет атқарып жүрсің?

— Мойнымда бірнеше қамыт бар, губкомның, ревкомның мүшесімін, таяуда қазақ, татар сексиясының меңгерушісі етіп тағайындады, оны қысқаша қыртатсек немесе ұлттар бөлімі, кейде мұсылман бөлімі деп атайды.

Ақыры көпшілік күткен үкіметтік “Октябрь революциясы” пойызы да жетті, вокзалда ұйлығып жүрген қарақұрым жұрт толқып кетті. Өйткені қазаққа автономия беру жөніндегі декретке Ленинмен бірге Калинин де қол қойғанын бәрі біледі, газетке жиі шығатын суретін де талай көрген. Сондықтан арнаулы вагон салоннан шыға келген шағын топтың арасынан шолақ тонды, шоқша сақалды, көзілдірікті, жылы жүзді, орта жастағы адамды бірден танып, ду ете қалысты. Озін қаумалаған адамдарға жағалай көз тастап, басын иізіп келе жатқан Михаил Иванович милиция формасын киген, тығыршық денелі, қара сүр қазақты көргенде:

— Охо, біздің якут мұнда жүр ғой, — деп Жәнібековке құшағын айқара ашты. Екеуі құшақтасқан күйі озара

шүйіркелесіп, біраз тұрысты. Құрметті қонақты қарсы алған басшылар бір кезде:

— Ал, жарандар, Михаил Иванович алыс жолдан шаршап келді, бүгін тынығады, ертең театрда кездесу болады, сонда жиналып сөзін тындаңыздар, — деді қаумалаған елге.

Жұрт тарай бастады, Калинин серіктерін ертіп вагон салонға қайта беттеді. Семейден келген адамдармен бірге Нығмет қонақ үйге тартты. Жайғасып отыра бергені сол еді, екпіндей басқан Жәнібеков жетіп келді де:

— Кінін, біздің үйге барайық, — деді.

Нығмет оған еріп, сыртқа шықты, есік алдында ат жегілген фэтон күтіп тұр екен, әлдеқайда ала жөнелді.

— Уәке, әлгінде Калинин екеуіңіздің көріскендеріңізге қарап жақсы дос екендеріңізді байқадық, — деді Нығмет.

— Иә, бізді табыстырған революция ісі ғой, ана жылы Сібірде айдауда жүргенде Екатеринбург түрмесінде бірге отырғанбыз. Лена бойынның тұрғындары якут халқы өздерін саха деп атайды. Михаил Ивановичтің мені “біздің якут” деуінін мәнісі сол, өзі қалжындауды ұнататын, қарапайым кісі. Ал ел жақтың жайы қалай, тыныштық орнады ма?

— Әлі мазасыздау. Жаз ортасында шығыс жақтағы Донская, Кананерская станцияларындағы кулактар бас көтерді. оларға орташалар да қосылып кетті. Бүлікшілер Ертіспен жүзетін кемелерді атқылады, Семей мен Кереку арасындағы су қатынасын үзіп тастады. Ол жақ сабасына түскенде Бұқтырма, Өскемен үйездерінде бүлік шықты.

— Иә, мұндай толқулар әр жерде шығып тұр. Азамат соғысы аяқталысымен мені Әліби Жанкелдин Орышборға апарып, біраз уақыт қазақ эскадрасына саяси жетекші етіп қойып еді. Жаздығүні ол жақта да Сапожков бандылары бас көтерді, оларды қатырын қонжиттық. Содан кейін өзімді осы жаққа жіберді. Есіңде болсын, мен үлкен өмірге Қызыл-жардан аттанғанмын, дүниені шарлап, қайтадан оралдым.

— “Ат айналып қазығын табады” деуші еді, Қарқаралыға неге бармайсыз?

— Егер партия жұмсаса қай жерге болса да жүре беремін. Жұрт өзімді батыр деп басына көтереді, мен қатардағы коммунистердің бірімін деп түсінемін. Ал Сәкен Сейфуллин сені Семей гүбірнасындағы қазақтың оқыған жастарынан шыққан нағыз большевик деп мақтап еді.

Сырғыған жеңіл арба кінпірек ағаш құжыраның түсіне жете тоқтады. Үстіндегілер жерге түсіп, ішке беттеді. Алла рынан қызыл шырайлы, жас шамасы он атты, он жетілерден келіншек шығып, имене сәлемдесті.

ның арасынан тамызда Орынборда өткен құрылтайда танысқан жерлесі Уғарды көріп, сөлем берді.

— Сен де келдің бе? Жақсы болды, соңыра біздің үйге барып, кең отырып сөйлесейік, — деп үкімет адамдарының қауіпсіздігі қамымен асығып жүрген ол өз жұмысымен болып кетті. Нығмет бір кезде ана жылдары Омбы семинариясында бірге оқыған алашордашыл ақын Мағжан Жұмабаевты ұшыратты.

— Мұнда не істеп жүрсің? — деп сұрады амандық-саулықтан соң.

— Қызмет қарастырып жүрмін. Кеңес Үкіметі алашордашыларға кешірім жасап, партияға өтуіне, жаңа қоғам үшін жұмыс істеулеріне рұқсат бергенімен жергілікті өкімет орнындағы белсенділер сенімсіздік жасап жүрген жоқ па? Соның салдарынан Қызылжар өңірі туған елім болғанымен өз үйімде оғей ұлдың күйін кешкендеймін. Ал Семейдегі Мұхтардың халі қалай? Әуезовті айтамын. Шіркін, өзі қара сөздің хас шебері ғой. Пайдалана білсе, мықты қайраткер де шығады.

— Большевиктер партиясына мүше болған. Бірақ сынап көргілері келеді білем, әр іске бір жегеді.

— Тегі тыныш жүргізбей, түрткілей береді дағы. Есінде болсын, қазақтың қамын жеген адам ешкімге жақпайды. Орыс басшылар Ресейдегі ашыққан мужықтардың қамын ойлайды, қырылып жатқан қандастарымызды көргілері келмейді. Мұхтарды соны айтқаны үшін ұнатпайтын шығар.

— Ал Сәкен екеуің құрылтайда үкімет мүшелігіне сайланғандарыңды білем, қандай қызмет атқарып жүрсің?

— Мойнымда бірнеше қамыт бар, губкомның, ревкомның мүшесімін, таяуда қазақ, татар сексиясының меңгерушісі етіп тағайындады, оны қысқаша қыртатсек немесе ұлттар бөлімі, кейде мұсылман бөлімі деп атайды.

Ақыры көпшілік күткен үкіметтік “Октябрь революциясы” пойызы да жетті, вокзалда ұйлығып жүрген қарақұрым жұрт толқып кетті. Өйткені қазаққа автономия беру жөніндегі декретке Ленинмен бірге Калинин де қол қойғанын бәрі біледі, газетке жиі шығатын суретін де талай көрген. Сондықтан арнаулы вагон салоннан шыға келген шағын топтың арасынан шолақ тонды, шоқша сақалды, көзілдірікті, жылы жүзді, орта жастағы адамды бірден танып, ду ете қалысты. Озін қаумалаған адамдарға жағалай көз тастап, басын изеп келе жатқан Михаил Иванович милиция формасын киген, тығыршық денелі, қара сұр қазақты көргенде:

— Охо, біздің якут мұнда жүр ғой, — деп Жәнібековке құшағын айқара ашты. Екеуі құшақтасқан күйі өзара

шүйіркелесіп, біраз тұрысты. Құрметті қонақты қарсы алған басшылар бір кезде:

— Ал, жарандар, Михаил Иванович алыс жолдан шаршап келді, бүгін тынығады, ертең театрда кездесу болады, сонда жиналып сөзін тыңдаңыздар, — деді қаумалаған елге.

Жұрт тарай бастады, Калинин серіктерін ертіп вагон салонға қайта беттеді. Семейден келген адамдармен бірге Нығмет қонақ үйге тартты. Жайғасып отыра бергені сол еді, екпіндей басқан Жәнібеков жетіп келді де:

— Киің, біздің үйге барайық, — деді.

Нығмет оған еріп, сыртқа шықты, есік алдында ат жегілген фаэтон күтіп тұр екен, әлдеқайда ала жөнелді.

— Уәке, әлгінде Калинин екеуіңіздің көріскендеріңізге карап жақсы дос екендеріңізді байқадық, — деді Нығмет.

— Иә, бізді табыстырған революция ісі ғой, ана жылы Сібірде айдауда жүргенде Екатеринбург түрмесінде бірге отырғанбыз. Лена бойының тұрғындары якут халқы өздерін саха деп атайды. Михаил Ивановичтің мені “біздің якут” деуінің мәнісі сол, өзі қалжындауды ұнататын, қарапайым кісі. Ал ел жақтың жайы қалай, тыныштық орнады ма?

— Әлі мазасыздау. Жаз ортасында шығыс жақтағы Донская, Кананерская станцияларындағы кулактар бас көтерді, оларға орташалар да қосылып кетті. Бүлікшілер Ертіспен жүзетін кемелерді атқылады, Семей мен Кереку арасындағы су қатынасын үзіп тастады. Ол жақ сабасына түскенде Бұқтырма, Өскемен үйездерінде бүлік шықты.

— Иә, мұндай толқулар әр жерде шығып тұр. Азамат соғысы аяқталысымен мені Әліби Жанкелдин Орынборға апарып, біраз уақыт қазақ эскадрасына саяси жетекші етіп қойып еді. Жаздығүні ол жақта да Сапожков бандылары бас көтерді, оларды қатырып қонжиттық. Содан кейін өзімді осы жаққа жіберді. Есінде болсын, мен үлкен өмірге Қызылжардан аттанғанмын, дүниені шарлап, қайтадан оралдым.

— “Ат айналып қазығын табады” деуші еді, Қарқаралыға неге бармайсыз?

— Егер партия жұмсаса қай жерге болса да жүре беремін. Жұрт өзімді батыр деп басына көтереді, мен қатардағы коммунистердің бірімін деп түсінемін. Ал Сәкен Сейфуллин сені Семей гүбірнасындағы қазақтың оқыған жастарынан шыққан нағыз большевик деп мақтан еді.

Сырғыған жеңіл арба кішірек ағаш құжыраның түсына жете тоқтады. Үстіндегілер жерге түсіп, ішке беттелі. Алдарынан қызыл шырайлы, жас шамасы он алты, он жетілерден келіншек шығып, имене сәлеместі.

— Танысып қой, Қулипа жеңген болады, — деді отағасы.

Ерінен екі мүшелдей кіші, уыздай жас келіншекті көрген Нығмет ішінен “Уғар дүниені шарлап жүріп, кезінде үйленуге мұршасы болмаған шығар”, — деп түйді. Пәтер іші де жұныны, артық дүние жоқ.

— Қарқаралы жақтағы партия ұйымының жайы қалай, коммунистер көбейді ме? — деп сұрады үй иесі қонағынан жайғасып отырғаннан кейін.

— Өзім партияға сонда жүргенде, биылғы наурыз айында өткенмін. Ол кезде коммунистер саусақпен санарлықтай аз болатын. Маусымда үйездік комитет құру жөнінде ұйымдастыру бюросының құрамы сайланды. Алғашқыда бюроға Радченко жетекшілік жасап еді, іле-шала оны Усырев ауыстырды, бірнеше күн өткенде губком бұл орынға Валентин Владиславович Мей деген біреуді жіберді. Ол Петроград совденінің мүшесі болыпты, өзін өткен жылы Орталық Комитет Лениннің тікелей тапсырмасымен коммуна ұйымдастыру үшін Бұқтырмаға жұмсапты. Алайда, ол жақта жағдай тұрақсыз болғандықтан губком Қарқаралыға сырғытады. Арала бір ай өткенде үйездік партконференция болды, Мей укомның бірінші хатшылығына сайланды, оған қоса ревкомның төрағалығы жүктелді, бұл міндетті атқарып жүрген Иван Федорович Ляпин үйездік әскери комиссар боп шыға келді.

Мұны біреу айтса сенбес едім, бірақ құбылмалы ахуалды көзіммен көрдім. Кілең қазақтар мекендейтін Қарқаралы үйезін басқаруға жергілікті бір адам табылмағандай, басқа жақта туып-өскен, халықтың тілін, салт-дәстүрін білмейтін келімсектердің кезек әкелінуін түсінбеймін. Пролетариат қосемі. Кеңес үкіметін құрушы Ленин “ұсақ ұлттар өзін-өзі басқаруы керек” дейді, Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Сталин “Біздің шығыстағы міндеттеріміз” деген мақаласында “Кеңес өкіметінің жағына шыққан және жергілікті халыққа жақын адамдардан өздерінің болыстық, үйездік, тағы басқа Кеңестерін құруына мейлінше көмектесіп, Шығыстың еңбекшілер бұқарасын Кеңес мемлекетінің құрылысына тарту керек”, — деп жазған еді.

Бірақ мұны ешкім қаперіне алмады. Конференция өткен күннің ертеңіне үйез кеңестерінің тұңғыш съезі ашылды, оған қатысқандар Бүкілресейлік Атқару Комитетінің Төрағасы Михаил Иванович Калининге жеделхат жолдады, ондағы “Қарқаралы кеңестерінің бірінші съезі “Бүкілресейлік старостаны” қызу құттықтайды және алыс өлкедегі қырғыздар (қазақтар) барлық күш-жігерін Кеңес өкіметін нығайту

мен қорғауға жұмсайтынын мәлімдейді”, — деген сөздерді өзім жазғанмын<sup>1</sup>.

Құдайға шүкір, Қарқаралы үйезіндегі коммунистердің қатары кобейіп келеді, ұзын саны сексенге жетті, арасында қазақтар да әжептәуір. Амал қанша, сонда да уком басшылығына жергілікті адамдарды жолатар емес. Енді міне, губком жаңағы Мейді қайта шақырып алып, әу басында, оны Орталық Комитет жіберген Бұқтырма үйезіне ауыстырғалы жатыр. Оның орнына тағы да Петроград жақта төңкеріске қатысқан, Қазақстанға орталықтың жолдамасымен келген Иван Григорьевич Малашкин дейтін орыс бармақшы, сөйтіп ол міндетті алдағы тауық жылының басында өтетін үйездік партконференцияға дейін шартты түрде атқара тұрмақшы. Кадр жөніндегі саясат әлі қалай құбыларын кім білсін, бірі келіп, бірі кетіп жатқан басшылар жуық арада тәртіп орнатуы қиын. Иығына мылтық асынып, беліне қылыш байлаған жұрт бірін-бірі аңдысып жүр, — деп Нығмет ауыр күрсінді.

— Жетісу жақтағы Врангель қолының тамтығы талқандалды, Семейден атаман Анненковтың жан алғыштары қуылды, алайда “Коммунистерсіз Кеңес өкіметін құрайық!” “Азық-түлік салғырты жойылсын!” деген ұрандар әлі естіледі. Сырттағы дұшпан да аңысымызды аңдуда, жөргегінде тұншыға жаздаған жас Кеңеске сәуірде пандық Польша бас салғанын, Англия мен Францияның көмегіне сүйенген ақ поляктар Украинаның астанасы — Киевті, Белоруссияның біраз жерін басып алғанын білесің. Бірақ Қызыл Армия оларға күйрете соққы беріп, қуып шықты. Солардың ішінде біздің жерлесіміз, Қарқаралы үйезіндегі Дегелең болысының тумасы Мұхаметқали Тәтімов те бар.

— Иә, ол бізге Антантаның үшінші рет соқтығуы болды ғой, олар Кеңеске осынша неге өшігеді?

— Біріншіден, “Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!” деген маркстік ұранның дүние жүзіне жайылып кетуінен қорқады, екіншіден, жеріміздегі кен орындары ағылшын, француз алпауыттарының қолында болды ғой, төңкеріс кезінде уыстарынан шығарып алды, қазақ даласының астында тұнып жатқан мол байлық түстерінен шықпайды. Бірақ шетел капиталистері аш қасқырша жап-жақтап жалақтап шапқанмен енді оларды қайтарып ала алмайды, — деп Угар саясатқа жүйіктігін көрсетіп қойды.

Күлша найды тез қайнағғы, өңтіме дастарқан үстінде жалғасты.

---

<sup>1</sup>Бұл жеделхат Мәскеудегі Мемлекеттік Қазан революциясы мұражайында сақтаулы.

— Асықпа, Ленин аман болса великодержавный провинцистерді қонжिताмыз әлі, бірақ қазақтың қамын ойлаймыз деп буржуазный националистерге бүйрегіміз бұрмауы керек, — деді үй иесі.

Шай ішіліп болды, келіншек дастарқанды жинады да, ас қамдау үшін ауызғы бөлмеге шықты. Нығмет оның әр қимылын бағып отыр, соны сезген Угар сөзді отбасы жайына бұрды.

— Лена жақта үйленген орыс әйелім, одан туған бір үл мен бір қызым бар еді, аласапыран кезінде айырылып қалдым. Жуырда қайтадан төсек жаңарттым, кедейдің қызына үйлендім. Ал өзің көкқасқа жаудың еркетотайын алғаның қалай? — деп қойып қалды. Мұны естіген Нығмет қыпқызыл боп кетті, бірақ жедел жауап берді.

— Байдың қызын алғаныммен сөздерін сөйлемеймін, өз жөнімді білемін.

— Әлихан Бөкейхановтың болашақ күйеу баласы Смағұл Сәдуақасов партияға өтіп, орталықта жауапты қызмет атқарып жүрсе де алашордашыларға ұқсап, ұлтшылдық бетін танытқан соң айтып жатқаным ғой. Ал орыстардың бәріне үрке қарауға болмайды, олардың ішінде де Ленинге ұқсаған данышпандары, Колчак тәрізді қанішерлері кездеседі. Дүниеге көзімді ашқан, қатарға қосқан Калинин сияқты адамдар.

— Ендеше өкейдің де, менің де орыс достарымыз жетерлік. Ал қазіргі таңда елдің тыныштығы, бүтіндігі қымбат. Автономия құрамына Торғай, Орал облыстары, Закаспий облысы мен Астрахан губернасының қазақтар мекендейтін бөліктері ғана кірді. Семей, Ақмола губерналары Сібірдің қарамағында, Жетісу, Сырдария облыстары Түркістан республикасының құрамында тұр, іргелі ел болу үшін осыларды біріктірсек еді, — деді Нығмет.

— Жоғарғы жақ мұны да ойластырып жатқанға ұқсайды, таяу арада Семей, Ақмола губерналары Қазақстанға қосылуы тиіс, Сәкен Сейфуллин екеумізді солардың шекарасын анықтайтын комиссияның құрамына кіргізіпті, — деп Угар қозғалақтап қойды.

Бұл кезде ет толы табақ та жеткен еді, соған ілесе кокмоын да келді, үй иесі кәрлен кеселерге арақ құйды. Былайғы жұрттың “Угар көп ішеді екен, бірақ есінен танбайтын көрінеді”, — дегенін талай естіген қонақ онымен ыдысын соғыстырды.

— Мені бұл өнерге үйреткен де кержақтар, суық Сібірде бой жылыту үшін еріксіз жұтасың, оның үстіне әлгіндей қайғыларды басу керек, — деп Угар кесені басына бір-ақ қотерді. Нығмет оған батылдана сұрақ қойды.



— Уәке, ел жақтағы өлгіндей өңгімелерді қайдан білесіз?

— Артымнан іздеп келушілер жеткізеді. Мен Темірші болысының он төртінші ауылының тумасымын, атамекеніміз Жақсы Қызыларайдың бір сілемі Құлжабасының бауырындағы Булан қыстауы. Ол — біздің бабамыздың аты, оның Дәнекүл, Байдалы, Жайнақбай, Ағыбай, Жәнібек, Көпбай дейтін алты ұлы болыпты. Әкем Жәнібек тақыр кедей еді, алғашқы әйел Жадырадан мен, Қалыбек, Әлібек, Көкіш дейтін төрт ұл, бес қыз, барлығы тоғыз бала тудық. Маған әке-шешемнің азан шақыртып қойған аты — Мұқатай. Анамыз Жадыра ерте көз жұмды, соның артынша әкейдің інісі Көпбай дүние салды, оның жесірі Бәтима бізге екінші шеше болды, одан Жағыпар, Шалқар дейтін ұлдар туды.

Кедей адамға осындай үлкен отбасын асырау оңай ма? Біз есіміз кіріп, етегімізді жабуға жараған соң өркімге жалданып, өз бетімізбен күн көре бастадық. Өзім әуелі Көжекбай дейтін туысымыздың қозысын, одан кейін жаңағы алты ағайынның бірі — Жайнақбайдың қойын бақтым. Жайлауымыз Тоқырауын, Қаршығалы өзендерінің бойында, ауылдағы жатақтар таяу жердегі Шылым дейтін поселкедегі мужықтардан бір қойға бір пұт, бір тайыншаға екі пұт тұқымдық астық сатып алып, егін салады. Тоқсан тоғанды Тоқырауын бойында бітік өскен баданадай ақ бидайдың дәмін Арқадағы қазақтардың бәрі татқан шығар.

Қызыларайдың бергі жағы Темірші болысына, терістігі Тоқырауын болысына қарайды. Әлихан Бокейханов арғысында, Ақсораңның бойында туып-өскенін білетін шығарсың. Сондықтан көрші ауылда не болып жатқаны бізге бес саусақтай белгілі еді.

Уғардың өңгімесіне қанып, тамағына тойған Нығмет қонақ үйіне қайтты. Келесі күні театрда үлкен жиын болды, халық ішке сыймай, көбісі сыртта қалды. Алдыңғы жаққа Мағжанмен бірге жайғасқан Нығмет құрметті қонақтың сөзіне құлақ түрді.

— Азамат соғысы елді қатты күйзеліске ұшыратты, өндіріс тоқтады, шаруа шайқалды, оның үстіне биылғы жаз жайсыз болды, егін шықпады. Қазіргі кезде Петроград пен Мәскеу жұмысшылары, Қызыл Армия наннан тапшылық көруде, Ресейдің бірқатар облыстарында халық ашығуда. Сондықтан біз қырғыз ағайындардан достық көмек күтеміз, олар азық-түлік жөнінен жәрдемдесер деп сенеміз, біраз мал, астық жинап берсеңіздер алдын ала алғыс айтамыз. — деді Михаил Иванович.

“Бүкілресейлік староста” бұдан кейін басқа мәселелерге ауысты, Кеңес өкіметінің саясатын сараптапты, халықаралық.

ішкі жағдайларға шолу жасады. Одан кейін Қызылжар қаласын коркейту ісіне тоқталды, сөзінің соңында алғашқы айтқандарын және қайталады.

Калининнің сөзіне жауап ретінде, әуелі, Ақмола гүбірнасының басшылары сөйледі.

— Қазақтар қашанда көршіге қарайласуды парыз іс санайды, біз орыс халқына көмек ретінде үш айдың ішінде үш миллион пұт астық, қырық үш мың мал жинап, Мәскеу мен Петроградқа жеткізіп береміз, — десті. Семейліктер де осындай уәде берді.

Мағжан қасында отырған Нығметке сыбырлады.

— Егіннің шықпай қалуы қуаңшылыққа ғана байланысты емес, үкімет продрозверсткамен астықтарын тартып ала берген соң кулактар тұқымын тығып тастап, тымпиып отыр. Қуаңшылық пен аштық Ресейді ғана жайлаған жоқ, Қазақстанның да біраз өңірін қамтыды, бірақ бұл туралы басшылар үндемейді, тек Мұхтар ғана шыр-пыр болып жүр, — деді.

Қаулы қабылданды, жұрт тарай бастады.

## 2

Нығмет қызметханасында қағаз жазып отыр еді, бұдан біраз күн бұрын іссапармен Қарқаралыға кеткен Николай кіріп келді.

— Сөйле, Коля, өзің әбден тоңып қалыпсың ғой, — деп төр иесі досының ұзын саусақтарын сығымдады.

— Тоңған түк емес, бір жерде үсіп өлген жоқсың ба десейші.

— Герман соғысында мұздай окопта мыңқ етпеген мықты екі ауылдың арасында ажалға алдырмас.

Майданнан оралған соң Қарқаралыда Кеңес туын тігіскен Бошицын бұл күнде гүбірналық саяси басқарманың ерекше бөлімінде тергеуші, сонымен бірге Семейдегі партия, кеңес мектебінде тарихтан дәріс оқушы еді.

— Ол кездегі суықпен жағаласқан жаудан биылғы сұрапыл мен жасырын қастық қауіпті сияқты, — деді.

— Жұмбақтамай жөндеп айтсайшы.

— Жолшыбай байқадым, біраз ауыл жұтқа ұшырапты, ал Қарқаралыдағы қаскүнемдер тағы бір сойқан әзірлеп жатқан сыңайлы.

— Не дейді, ол қандай сойқан, қалай білдің? — деп Нығмет елеңдей қалды.

— Тонын айналдырып партияға өткен сұмдар “Ақбас Көлкені” уисполкомға<sup>1</sup> хатшы етіп тығыпты. Сөз жоқ, бұл атаман Захар Червьевтің ақылымен болған іс, әкей соны айтады. Ивандай емес, ол иттің пиғылы белгілі ғой, әлі де болса Кеңес өкіметін құлатып, ескі тәртіпті тірілтуден дәмелі.

Нығмет Қарқаралыдағы Червьевтер әулетін жақсы білуші еді. Байлығы, беделі жағынан қаршыға түмсықты, қайқы мүртты, көсе иекті, сұр көзді атаман Захар Васильевич бәрінен басым. Өзі нағыз монархист, қулығына құрық бойламайтын, жағдайға қарай тез құбылатын сұм. Тегі иісі Сібірдегі ең ауқатты казактар сол қалада тұрады, ал Захармен дәулет жағынан мұндағы ең ірі көпестер Гаврилл Рязанцев, Яков Измайлов қана шендеседі, бұлардың алдыңғысы — бұрынғы патша генералы. Атаманның немере туысы Николай Николаевичті қазақтар “Ақбас Көлке” деп атайды, өлгінде Блошицын соны айтып отыр. Иван Зиновьевич болса алғашқы совдеп мүшелерінің бірі, бұрнағы жылы Колчак түрмесінде өздерімен бірге отырған сенімді большевик.

“Бір биеден ала да туады, құла да туады” демекші Рязанцевтер әулеті де сондай. Өткен ғасырда үйез орталығында өз қаражатымен бірнеше қоғамдық ғимарат тұрғызған көпес Рязанцевке Қарқаралы қаласының тұңғыш құрметті азаматы атағы беріліпті. Гаврилл сияқты Василий, Константин де ауқатты казактар, Гаврилдің ұлы Александр укомның жауапты хатшысы боп қызмет атқарып жүр.

— Одан басқа не білдің? — деді аз-кем үнсіз қалған Нығмет.

— Қаладағы гарнизонға Мокринский, Рязанцев сияқты көпестердің ұлдарын, ақ жолақты солдаттарды, сүзектен тұрған дутовшыларды жинапты, қысқасы қызыл гвардия тағы кілең казактардан жасақталыпты, өзін білесің, бұрнағы жылғы төңкерісті жасаған солар еді.

— Иә, солар болатын, бұл туралы ешкімге ештеңе дедің бе?

— Айтқанда қандай, үйездік әскери комиссар Игнатий Столяровка “мен сіздің орныңызда болсам мыналарға сенбес едім, он сегізінші жылғы оқиға қайталанып жүрмей ме?” — деген қауіпті білдірдім. Ол “ештеңе етпейді, жастарды тәрбиелейміз, күдіктенбей-ақ қой” — деп жайбарақат жауап қайтарды.

— Бұл міндетті соның алдында Ляпин атқарды ғой, өзі сырттан келген адам, кімнің кім екенін біздеріміз мүмкін

<sup>1</sup>Үйездік атқару комитеті.

сол былықтырған шығар. Қазір ол үйездік атқару комитетін басқарады, Столяров соның ыңғайына жығылуы мүмкін. Қарқаралы укомының<sup>1</sup> бірінші хатшылығына Зубов барғалы жатыр, соның қаперіне салармын.

— Сойткен дұрыс, сақтықты ұмытпайық, — деп Николай кетуге ыңғайланды.

— Бүгін қонаққа біраз кісі шақырдым, кешке солармен бірге бол, — деді Нығмет оған.

Бұрын Семей гимназиясында оқыған, қазақ, орыс қыздарынан көптеген досы бар, қала жағдайымен жақсы таныс Зүфнан да қоғам жұмыстарына белсене араласып жүр. Әлімханның келіншегі Раклай екеуі онерпаз жастар ұйымдастырған ойын-сауықтарға да үзбей қатысады. Осындағы педтехникумда оқитын суырыпсалма ақын Иса Байзақов пен Зүфнан екеуі Біржан—Сара айтысын сахнаға шығарғанда халық залға сыймай кетті.

Нығмет ұзын бойлы, нар тұлғалы, қалың шашты, жазық маңдайлы, зерек жігіт Әлімханды ерекше сыйлайтын. Кезінде жаңағы Николайдың үйінде жатып, Қарқаралыдағы қазақ-орыс мектебін тәмамдаған, одан кейін Семей гимназиясын алтын медальмен бітіріп, Томдағы техникумның тау-кен факультетіне конкурстық қойып кеткен. “Біздің кең даламыздың асты тұнып жатқан байлық, оны шетелдік келімсектерге кемірте бермей, келешекте өзіміз игерейік, жер қойнын зерттеуші маман болындар” деп жыл сайын елден бірер баланы ертіп кететін. Әрине, ол оқуға түсу оңай емес, біреуінің білімі жетпейді, іліге қалса қаражат жағы қинайды, Әлімхан ондайларға көмек көрсетуден аянбайды. Ал өзі аз уақытта латын, ағылшын, француз тілдерін жетік меңгерді, қазақша мен орысшаны қосқанда бес тілде еркін сөйлеп, сауатты жазады. Бірақ оқуын толық аяқтамай, ел ісіне араласты, өзімен бірге оқыған Мұхтар Жанғалин дейтін жігітті ерте кетті, “Алашорда” үкіметінің басшысы Әлихан Бөкейхановқа қорғаушы серік-адьютант болды. Әлімхан Ермеков болса бұл күнде гүбірналдық халық ағарту бөлімін басқарады, бүгін үйінен дәм тататын адамдарының бірі сол, қонақтарға айтылатын түздықты әңгіме де содан шығуға тиіс.

Он сегізінші жылы Семейде “Абай” журналын шығарған, үзеңгі қағыстыра қалам тербеп жүрген жас жазушылар Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің келешегінен көп үміт күтеді. Алашордашылар жағында болған бұл жастар да Кеңеске алал қызмет істеп жүр, алдыңғысы — мұғалім, соңғысы — ревком мүшесі. Губсотта істейтін, пәтер жалдап

<sup>1</sup>Үйездік партия комитеті.

тұратын қайнағасы Жақып Ақбаев бар, бәрі кешкісін Нығметтің үйінде бас қосты. Шай үстінде жасы үлкен Жақып сөз бастады.

— Еншалла, Ахаңның, Ахмет Байтұрсыновтың тұғыры өзір берік, партияға өтті, республиканың халық ағарту комиссары, Орынбордан ойып тұрып орын алды. Өзір қызмет берілмегенімен Әлихан да ауылда қарап жатпаған шығар. Алтыншы жылы Кереку түрмесінен жандармдар босатпақ болғанда “мені тағы біраз күн ұстай тұрындаршы, істеп жатқан жұмысым бар еді” — депті, сойтіп Абайдың өлеңдерін баспаға дайындапты. Әлекең біле білгенге арыстардың арыстаны, ел жоқшысы, намысымыздың қайрағы ғой. Өз арамзда қазақтың бойындағы көп мінін Абайша көзге шұқып көрсеткенімен өзгелердің алдында мәртебесін көтеруді көздейді. Үшінші жылы Петербургте басылып шыққан, көлемі төрт жүз жетпіс сегіз беттік “Киргизский край” дейтін үлкен кітаптың “Население” деп аталатын екінші бөлімін жазғанда халқымызды түрік тектес елдердің бәрінен жоғары қояды, “из умственных способностей киргиз на первое место, следует поставить память на окружающую его жизненную обстановку, в этом киргиз стоит значительно выше крестьянина” деп тіпті орыстардың өзінен асырып жібереді, қандастарымызды көшпенділердің арасындағы ең мәдениетті, сөз өнері күшті дамыған, тілге шешен, ақылға кемел, ақын халық деп, батырлар жырын, хиссаларын атап көрсетеді, ақындардың арасынан Абайды ерекше атайды, барынша мақтайды, — деп Жақып танауын қағып қойды, оның сөзін Әлімхан іліп әкетті.

— Рас, “жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ жоқ” демекші кемшіліксіз пенде болмайды, ол кісінің мүлт кеткен кездері де болды, “Алашорданы” қолдамағаны үшін кейбір азаматтарға тізесін батырды. Бірақ өз бойындағы осал мінезді тез түзейді, бұл орайда Лениннің “умен не тот, кто не делает ошибок, такие люди нет и быть не может, умен тот, кто не делает ошибок, и по существу быстро и легко исправляет их” деген сөздері еске түседі.

Ал, Әлекең өз халқына, аяулы азаматтарымызға жақсылық жасауға келгенде басына төніп тұрған қауіп-қатерге қарамайды. Он тоғызыншы жылы мына Жақкең жалған жаламен Қарқаралыда тұтқындалып, Омбыдан бір-ақ шықты ғой. Колчактың дала соты бұл кісіні ату жазасына кесті, соны естіп Әлекең екеуіміз құтқаруға бардық. Колчактың өзі қабылдамай, Сыртқы істер министріне сілтеді. Қасымдағы кісі әрі журналист, әрі аудармашы, тілге шешен ғой. Түсін суытып алып, орысшаның түбін түсіре сойлеп, Ақбаевтың Петер-

бург университетінің заң факультетін алтын медальмен бітіргенін, патшадан шен алып, шекпен киген ақсүйек тұқымынан шыққанын, халық қатты сыйлайтынын, қазақ елінде империя заңымен бұрын-соңды өлім жазасы қолданылмағанын, егер оған ату жазасы берілсе, Қарқаралы үйезіндегі екі жүз мың қазақ сондағы алты мың орысты түгел қырып тастайды дегенді айтқанда тындап отырған ұлықтың көзі шарасынан шықты, сөйтіп мына Жақкең бір ажалдан аман қалды, әйтпесе бүгін арамызда бұлайша бірге отырып, мына дастарқаннан дәм тата алмас еді, — деп тоқтады.

— Автономияның кіндігі кесілерде Мәскеуде табаны күректей төрт ай жатып, ел мен жер үшін тартысқа түскен өз ерлігің де осал емес қой, енді соны баяндашы, — деп Нығмет әңгіме желісін басқа арнаға бұрғандай болды. Өзгерлер де естігісі келсе керек, кеу-кеулей жөнелісті.

— Ондағы үлкен сынға жалғыз өзім түскен жоқпын, қасымда ақылшы ағалар, тағы да сол Әлекең, Ахаң, сенің досың Сәкен болды. Әрі сайысқа түскенше біраз жолдан өттік қой, сондықтан әңгімені әріден бастайын, — деп Ермеков сәл ойланып отырды да сөзін қайта жалғастырды. — Қазан төңкерісі қарсаңында Том қаласында Сібір автономиясын құру жөнінде Жалпы Сібір съезі болып өтті ғой, оған Торғайдан, Ақмоладан, Семейден, Жетісудан, Оралдан, Бөкей ордасынан өкілдер қатысты. Қазақ делегациясын Әлихан Бөкейханов бастап келді, бұлар Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына қатысу үшін сайланған делегаттар еді. Әли аға сөз сөйлеп, өз алдымызға автономия алып, Сібір үкіметінің құрамына кіретінімізді мәлімдеді. Оның мәнісін Семейге келгенде “біз ойладық, әуелі Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып көшіп кетелік: жіп жалғап зор мемлекет күрмеуінен құтылып ап, отау болып соңынан бөлінейік” деп түсіндірді.

Ол кісі екеуміз ауылдаспыз ғой, сондықтан мені қасына шақырып алып “елге жүр, әлеуметтік зор істер күтіп тұр, соған ат салыс” деген соң соңынан еріп, Семейге келдім. Амал қанша, Уақытша үкімет — Комуч та, Сібір үкіметі Директория да “Алашорданы” мойындамады. Бүкілресейлік құрылтай өтпей қалды, Қазан төңкерісі болды, Кеңес үкіметі орнады. Енді автономия алу жөнінде Мәскеуге өкілдер жібердік, Ленинмен, Сталинмен тікелей телефон арқылы тілдестік, олар тілегімізді орындауға уәде берді, бұл туралы “Сарыарқа” газеті жұртқа жар салды, мына Жүсіпбек “Абай” журналының үшінші нөмірінде елден сүйінші сұрады.

Сонымен Сталиннен нақты жауап күттік, бірақ ол кешіге берді, себебін біле алмай дал болдық. Сөйтсек Ақмоладағы Сәкен Сейфуллин бастаған большевиктер “бізге алашорда-

шылар әперген автономияның керегі жоқ, олар қанаушы таптың мүддесін қорғайды, бізге еңбекшілер қамын жейтін автономия керек” деп Мәскеуге жеделхат жолдапты. Қалай дегенмен айналып келгенде қазақтың қатарға қосылуына алашордашыл ағалардың көмегі көп болды, декреттегі баптардың көбісі Әлекең мен Аханның күшімен кірді, оған мен де үлес қостым. Рас, Ленин ұлттардың өзін-өзі билеуін алып тастап, еңбекшілердің өзін-өзі билеуін бекіттірді.

Он сегізінші жылдың жазында ақтар төңкеріс жасап, Колчак билік құрғаны, Анненков алшаң басқаны белгілі. Сол кезде казактар оқыған қазақ жастарына қырғидай тиді, қайта орнаған Кеңес үкіметі Орданы таратты, мен ел ішіне кеттім. Дегенмен жасырынып көп жүргем жоқ, мына Мұхтармен хабарласып, Семейге оралдым. Мұнда өзімді бұрыннан білетін, Кирревком мүшесі Михаил Косарев келіпті, ол мені ревкомға тартты. Қарбалас істермен үш-төрт ай өтті, мамырда гүбірна басшылары Семей, Ақмола облыстарын Қырәскериревкомының қарамағына кіргізу мәселесін көтеру үшін Орынборға жұмсады, онда осы тақырыпта баяндама жасадым.

Сонымен Қырәскериревком шешімі бойынша Бүкілресейлік Атқару Комитеті жанындағы өкілдік коллегиясының төрағасы боп тағайындалып, құрылғалы жатқан автономияның жалпы жағдайы және шекарасы жайында баяндама жасау үшін мандат<sup>1</sup> алып, он бес адаммен бірге Мәскеуге аттандым. Онда барған соң Қырғыз-қазақ өлкесін басқару жөнінде құрылған комитетке мүше болдым. Сол кезде иығыма мың батпан жүк артылғандай, қатты толқыдым. Өйткені еліміз бен жеріміздің тағдыры шешілетін келелі кеңеске қатысып, кенеулі сөздер айтуға тиіс едім. Түн баласы дөңбекшіп, ойға шомамын, сонау сақтар заманынан бері ер-жүрек бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғаған сайын даламыздың Ресейге бодан болғалы додаға қалай түскені толғандырды. Бір кезде Мөңке ақын:

“Еділді тартып алғаны —  
 Етекке қолды салғаны.  
 Жайықты тартып алғаны —  
 Жағаға қолды салғаны.  
 Ойылды тартып алғаны —  
 Ойдағысы болғаны.  
 Замананы тағы да —  
 Бір қырсықтың шалғаны”, —

<sup>1</sup>Мандат нөмірі 2043.

деп күңіренсе, “Жайық үшін жандасқан, Қиғаш үшін қырылған” Исатай—Махамбет көтерілісін кім ұмытады? Қазаққа Жайық пен Жемнің жағасы да, Сырдария мен Ертістің сағасы да, Жетісу мен Нарынның да бағасы бірдей ғой. Бірақ Ресейден қарашекпендер қаптағалы қазақ көп қонысынан айырылғаны аян. Енді орысы көп Орынбор мен Омбыны, Өскеменді қосып алғылары келеді. Ертіс бойындағы шекаралық белдеудің жайы белгілі, Жетісу болса Түркістан республикасының қарамағында. Кеңес үкіметі қазаққа автономия берсе, осыларды өзімізге қарату керек деп бекіндік.

Батыс Сібірдің қанжығасындағы Ақмола, Семей губерналары туралы Қаңтаров, Түркістан Республикасы жайында Сафаров, Атырау өңірі жөнінде мен баяндамашы болып белгілендік.

Осы тұста Нығмет оның сөзін бөліп:

— Сафаров Түркістан Республикасы Орталық Атқару Комитетінің төрағасы ғой, өзі басқаратын елдің бүге-шігесін бес саусақтай білетін болар, ал сен Семей губернасында туып-өстің, Ақмола аймағынан асып қазақ жерін көрген жоқсың. Бұл екі облысты Қаңтаровқа беріп, Атырау жақты алғаның қалай? — деп қалды.

— Бұл жағынан бізбен бірге Мәскеуде болған Әлекең көп көмектесті, ол кісінің бармаған жері, баспаған тауы жоқ қой. Бір кезде Атырау өңірін асықпай шарлап, Адай елінің арғы-бергі тарихын, қоныс жайын, тұрмысын, салт-дәстүрін тәптіштеп жазған болатын.

— Ә, солай ма? Айта бер, ендеше.

— Әзірлік кезінде автономия құру жөніндегі комиссияның төрағасы Владимир Ильич Ленинмен Кремльдегі қызметханасында төрт сағат бойы оңаша сөйлестім. Сыртқа шыққанда өзіміздің адамдарымызды көрдім, солардың арасында отырған Әлекең қасындағы Ахаңа қарап:

— Япыр-ай, Әлімханмен төрт сағат бойы сөз сайысына төтеп беретіндей орыстан да бір ұл туған екен, — деп қабылдау бөлмесінде отырғандарды бір күлдірген еді. Әйтеуір, көсемге айтқан сөздерім далаға кеткен жоқ, кәдеге жарады. Өзгелер де бейтарап қалмай, комиссия мүшелерімен ақылдасып, ой-пікірлерін, ұсыныстарын, талаптарын ортаға салды, олардың да керектілері екшелді. Шаруасын бітіргендер біртіндеп қайтып жатыр, ал шекараны анықтау ең даулы әрі қиын мәселе болғандықтан біз бөгеле бердік.

Ақыры Ленин басқарған комиссия мүшелері бас қосып, бізді тыңдауға кірісті. Владимир Ильичтен басқа Орталық